

Жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтінішінің және жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманың нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 102 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 ақпанда № 16364 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданылуы 01.01.2025 дейін тоқтатылған – ҚР Қаржы министрінің 18.02.2021 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2020 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 343-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және 359-бабы 3-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтінішінің нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманың нысаны бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Жеке тұлғамен есеп айырысу туралы анықтама мен жұмыскердің салық шегерімдерін қолдану туралы өтініш нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № 439 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14220 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 28 қыркүйекте жарияланған) бұйрығының;

2) "Жеке тұлғамен есеп айырысу туралы анықтама мен жұмыскердің салық шегерімдерін қолдану туралы өтініш нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № 439 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 73 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14843 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2017 жылғы 24 ақпанда жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М.Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 1 ақпандағы
№ 102 бұйрығына
1-қосымша
нысан

Жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдану туралы ӨТІНІШ

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 20.03.2019 № 265 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кімге _____

_____ (Атауы, салық агентінің (жұмыс берушінің) ЖСН/БСН)

Кімнен _____

_____ (Жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (егер бұл жеке басын куәландыратын құжатта болса) және ЖСН)

Салық заңнамасына сәйкес жеке табыс салығын есептеу кезінде төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден мынадай салық шегерімдерін қолдануды сұраймын:

1.	Міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салық шегерімі – Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде	<input type="checkbox"/> ия
2.	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салық шегерімі	<input type="checkbox"/> ия
3.	Стандартты салық шегерімдер	<input type="checkbox"/> ия
4.	Көп балалы отбасы үшін салық шегерімі	<input type="checkbox"/> ия
5.	Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық шегерімі	<input type="checkbox"/> ия
6.	Оқытуға салық шегерімі	<input type="checkbox"/> ия
7.	Медицинаға арналған салық шегерімі	<input type="checkbox"/> ия
8.	Сыйақылар бойынша салық шегерімі	<input type="checkbox"/> ия
9.	Алдын ала шегерімі	<input type="checkbox"/> ия

Салық шегерімдерін қолдану үшін мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

Қосымша " _____ " парақта.

Мынаны растаймын:

1) осы өтініште көрсетілген салық шегерімдері басқа салық агенттері (жұмыс берушілері) қолданбағанын;

2) көпбалалы отбасы үшін салық шегерімі (нұсқалардың бірінде Т белгілеңіз):

а) жұбайы (зайыбы) кіріс есептелген әрбір ай үшін айлық есептік көрсеткіштің 23 - еселенген мөлшерінде қолданатынын (өтінішке жұбайының (зайыбының) қолы қойылуы керек);

б) жұбайы (зайыбы) кіріс есептелген әрбір ай үшін айлық есептік көрсеткіштің 12 - еселенген мөлшерінде қолданатынын (өтінішке жұбайының (зайыбының) қолы қойылуы керек).

Мен Кірістер мен мүліктер туралы (270.00-нысан) декларациясын табыс етуге міндеттеме аламын.

Ескертпе: жұбайы (зайыбы) болмаған жағдайда көпбалалы отбасы үшін салық шегерімін қолданған кезде өтінішке жұбайының (зайыбының) болмауын растайтын нотариалды куәландырылған құжат қоса берілуі қажет.

Айы	өзіне н салық салуг а жатат ын кіріст ің сомас ы	бойы нша түзет удің сомас ы, олард ы көшір уді қоса алған да*	шегер імдері нің сомас ы, олард ы көшір уді қоса алған да, барлы ғы**:	мінде тті зейне тақы жарна лары	Станд артты шегер ім	Мінде тті медиц инал ық сақта ндыр уға	Көп балал ы отбас ылар үшін	Ерікті зейне тақы жарна лары үшін	Оқу үшін	Меди цина үшін	Сыйл ықак ылар бойы нша	Жеке тұлға ның салық салын атын кірісі нің сомас ы	Жеке табыс салығ ының сомас ы	Төлен ген кіріст ің сомас ы
1	2	3	4 (5+6 +7+8 +9+10 +11+ 12)	5	6	7	8	9	10	11	12	13 (2- 3-4)	14 (13 *10%)	15
қаңта р														
ақпан														
науры з														
сәуір														
мамы р														
маус ым														
шілде														
тамыз														
қыркү йек														
қазан														
қараш а														
желто қсан														
БАРЛ ЫҒЫ:														

Басшы _____

(Тегі Аты Әкесінің аты (егер бұл жеке басын куәландыратын құжатта болса) (мөрдiң орны, жеке кәсiпкерлiк субъектiлерiне жатпайтын заңды тұлғаларды қоспағанда) (қолы)

Анықтама беруге жауапты лауазымды тұлға _____

(Тегі Аты Әжесінің аты (егер бұл жеке басын
куәландыратын құжатта болса) (қолы)

Анықтаманың берілген күні 20 _____ жылғы" _____ " _____

Ескертпе:

* - салық салудан босатылатын кірістер (кірістерді түзету) Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында қарастырылған, кірісті түзетуді көшіру Салық кодексінің 356-бабына сәйкес жүргізіледі.

** салық шегерімдері Салық кодексінің 347, 348, 349, 350, 351-баптарында қарастырылған, стандартты салық шегерімін көшіру Салық кодексінің 356-бабына сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК